

ТҮЙІН

Мақалада агроөнеркәсіп кешенінің кадрлар потенциалын кешенді талдау әдістемелік аспектілері, кәсіпорындағы кадрлар менеджменті, персонал бойынша менеджердің тиімді жұмысы және кадрлар саясаты туралы мәселелері қарастырылған.

RESUME

The article describes scientific foundations to attract qualified professionals to the work effectively, of investigated to the indicators of the development of the personnel potential of the agro-industrial complex.

УДК 330.322

А.М. Хайруллина, магистрант

А.М. Казамбаева, ғылыми жетекші, «Экономика және менеджмент» кафедрасының доценті, экономика ғылымдарының кандидаты

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ, Қазақстан

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ

Аннотация

Бұл мақалада инвестициялық жобалардың негізгі түрлері және солардың экономикалық мәні көрсетілген, сонымен қатар қазіргі Қазақстан экономикасын дамыту жолындағы инвестициялық жобалардың тиімді жүзеге асырылуы қарастырылған.


***Түйінді сөздер:** инвестиция, инвестициялық жоба, инвестициялық саясат*

Қазіргі кезде Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан инвестициялық процесс әлеуметтік – экономикалық дамуымыздың негізгі алғы шартына айналып, еліміздегі реформаларды табысты іске асырудың басты себебі болып отыр. Инвестициялар кез – келген ұлттық экономиканың маңызды да қажетті қоры болып саналады. Инвестициялық жобаларды іске асыру өндірісті жетілдіріп, сатылатын тауарлардың сапасын арттыру онымен қоса жұмыс орындарының көбейіп, тұрғындарды еңбекпен толығымен қамтамасыз етуге, сөйтіп халқымыздың өмір деңгейінің өсуіне мүмкіндік береді. Сонымен, елімізде жүргізіліп жатқан инвестициялық процесті экономикалық пайда кіргізіп, әлеуметтік саланың өркендеуіне жағдай жасайтын қызмет деп қарастыруымыз керек. Осыған орай, инвестициялық іс - әрекетті талдауда оның тиімділігіне экономикалық шаралармен бірдей әсер ететін әлеуметтік шараларды ерекшеленудің маңызы зор.

Жобалық талдау тәжірибесі жобаларды әзірлеу тәжірибесін жалпылауға және типтік жобаларды атап айтуға мүмкіндік береді. Шетелдік тәжірибеде кездесетін инвестициялық жобалардың негізгі түрлері төменде келтірілген, (1 сурет).

1. Тұрақты масштабтағы бизнестің табиғи жалғасуы ретінде ескірген қондырғыларды ауыстыру. Әдетте осыған ұқсас жобалар ұзақ және күрделі дәлелдемелерді, шешім қабылдауды талап етпейді. Ұқсас қондырғылардың бірнеше түрі бар болса және олардың ішінен біреуінің басымдылығын дәлелдеу керек болса, көп баламалылық пайда болуы мүмкін.

2. Ағымдағы өндірістік шығындарды азайту мақсатында қондырғыларды ауыстыру. Осындай жобалардың мақсаты - жұмыс істеп жатқан қондырғының орнына неғұрлым жетілгенін қолдану, бірақ онысы моральдық тозған қондырғыға қарағанда салыстырмалы түрде тиімділігі азырақ болады. Жобалардың осы түрі әрбір жекелеген жобаны бөлшектеп қажет етеді, өйткені техникалық мағынада неғұрлым жетілдірілген қондырғы қаржылық жағынан неғұрлым тиімді бола бермейді.



1 сурет – Инвестициялық жобалардың негізгі түрлері

3. Өнім шығаруды арттыру және қызмет көрсету нарығын кеңейту. Жобалардың бұл түрі әдетте кәсіпорын басқармасының жоғарғы деңгейі қабылдайтын жауапты шешімді талап етеді. Жобаның коммерциялық орындалуын нарықтық ортасының кеңеюінің тиянақты дәлелдемесімен және сату көлемін арттырудың табыстың өсуіне алып келу-келмеуін анықтай отырып, жобаның қаржылық тиімділігін тиянақты талдау керек.

4. Жаңа өнім шығару мақсатында кәсіпорынды кеңейту. Жобалардың бұл түрі жана стратегиялық шешімдердің нәтижесі болып табылады және бизнестің мәнінің өзгерісін қозғауы мүмкін. Жобаның осы түрі үшін талдаудың барлық кезеңдері теңдей дәрежеде маңызды болып келеді. Жобалардың осы түрлерін әзірлеген кезде жіберілген қате кәсіпорынды неғұрлым сәтсіз жағдайларға алып келетінін атап өткен жөн.

5. Экологиялық жүгі бар жобалар. Инвестициялық жобалау барысында экологиялық талдау жасау аса қажетті элемент болып табылады. Экологиялық жүгі бар жобалар өздерінің табиғаты бойынша қоршаған ортаны ластауымен әрқашан байланысты болғандықтан, талдаудың осы бөлігі барынша қиын болып табылады. Шешуді және қаржы критерийлерінің көмегімен дәлелдеуді қажет ететін негізгі дилемма - жобалардың қай түріне назар аудару керек: 1) капиталдық шығындарды көбейте отырып, қондырғының аса жетілген және қымбат түрін қолдану немесе 2) ағымдағы шығындарды көбейте отырып, аса қымбат емес қондырғыны қолдану.

Қазіргі Қазақстан экономикасы дамуында жаңа сапалық дәрежедегі кезеңге келді. Экономикадағы тұрақтандыру процесі аяқталып, тұрақты өсу деңгейіне жетті. Осы жағдай инвестициялық саясатта өзгерістерді тудырды.

Бүгінде бұл инвестициялық саясат бір қатар мәселелерді шешуі шарт. Біріншіден, тартылатын инвестициялардың сапалық сипаттамаларына басты назар аудару. Екіншіден, барлық экономика субъектілері үшін тең дәрежелі жағдайды қалыптастыру. Үшіншіден, экономикалық жан-жақты әлеуметтік бағытын ұстану болып табылады.

Еліміздің инвестициялық аспектісі ірі салымдары қаржыландыру үшін жағдайлар жасауға, тауар өндіру және қызмет етуді жоғары тиімділікпен нарық қатынастары субъектілерінің сұраныстарына сәйкес ұлғайтуға бағытталуы тиіс. Қазақстан экономикасын тұрақтандыру және дамытудың маңызды жолдарының бірі – инвестициялық қызметті ұлғайту, ең алдымен еліміздің ішкі резервтерін жұмылдыру және көбірек тиімді пайдалану болып табылады.

Инвестициялық жобаның тиімді жүзеге асырылуы үшін инвестиция бойынша Қазақстан

Республика агентігін келесідей жеңілдіктермен преференциялар беруі мүмкін:

- натуралды мемлекеттік гранттар;
- келісім-шарт жасасудан 5 жыл мерзімге жер мен мүлік салығынан босату;
- салық алына бастайтын табыс алу кезінен 5 жылға табыс салығынан босату;
- инвестициялық жобаны жүзеге асыруға қажетті құрам-жабдық, шикізат, материалдар

импортты кезіше кедендік баға салықтарынан толықтай немесе бір бөлігінен босату.

Инвестициялық іс-әрекет әлеуметтік факторларды ескере отырып реттелінбесе, онда ол жалпы дағдарысқа апаратын негізгі себептердің біреуі болып табылады. Сондықтан да экономиканы, соның ішінде инвестицияны әлеуметтік тұрғыдан талдап, соның негізінде "әлеуметтік және экономикалық құрылымдарды қатер қалыптастырып, ескеріп отырғанда ғана дүниежүзілік және аймақтық дағдарыстардан құтылуға болады. Инвестицияның жоғарғы қарқынмен дамуының, жақсы экономикалық көрсеткіштердің халықтың әл-әуқатына тікелей әсері мол.

Қазақстанның интеллектуалдық және рухани потенциалдығын негізі болып саналатын білім жүйесі туралы қазіргі заманның талабына сай жалпы ұлттық жоспар қабылдап, әртүрлі тәжірибелерді тоқтатып, оларды реттейтін уақыт жеткен сияқты. Толыққанды білім жүйесіне мүмкіншілік беретін экономикалық - ұйымдастыру тетіктерін жетілдіру – мемлекет алдында тұрған үлкен міндет. Бұл мәселеде бюджеттің әлеуметтік салаға үлесін көтеріп қана қоймай, бюджеттен тыс қаржылайдыру мүмкіншіліктерін жетілдіру қажет. Осы орайда инвестицияның орны ерекше. Еліміздегі үлкен-үлкен коммерциялық компанияларды бұл мәселе бойынша жоспарлары болып олардың жүзеге асырылуы мемлекет тарапынан бақыланып отырылуы керек. Мұндай оңтайлы процесті одан әрі дамыту үшін Қазақстан экономикасындағы шынайы жағдайды сараптап, инвестициялық процестің даму стратегиясын жасау қажет. Ең бастысы, бұл стратегия алдымен салаға инвестиция жұмсаумен және шаруашылық инвестициясынан түсетін қайтарым мен ерекшеленуі керек. Инвестициялық іс-әрекет әлеуметтік факторларды ескере отырып реттелінбесе онда ол жалпы дағдарысқа апаратын негізгі себептердің біреуі болып табылады. Сондықтан да экономиканы, соның ішінде инвестицияны әлеуметтік тұрғыдан талдап, соның негізінде әлеуметтік және экономикалық" құрылымдарды қатар қалыптастырып, ескеріп отырғанда ғана дағдарыстан ештеп құтылуға болады, (1 кесте).

1 кесте – Қазақстан аумағындағы өзекті мәселелер мен шешілу жолдары

№	Мәселелер	Шешу жолдары	Нәтиже
1	Қазақстанның экономикасын көтеру	Қазақстанның экономикасын көтеруде шет мемлекеттердің қасқан үлесін айтуға болады. Шет мемлекеттер инвестицияларының құйылуы, олардың банктерінің берген қарыздарын айтамыз	Қазақстан экономикасының тұрақтылығы. Шет мемлекеттер инвестицияларының тиімді пайдалануы және Қазақстан аумағында салаларды дамыту жолдарын айтуға болады
2	Қазақстан Республикасының кәсіпорындары мен салаларын дамыту	Қазақстан Республикасының қаржы саясатының дұрыс және тиімді басқарылуы. Салық жеңілдіктері және төмен ставкасын орнықтыру	Осы арқылы салалардың күрт дамуын көруге болады. Қазақстан аумағында инвестицияларды тарту мақсатында жаңа кәсіпорындарының ашылуы, жұмыссыздықтың төмендеуін көруге болады
3	Әлеуметтік салаларды инвестициялау	Қазақстанда әлеуметтік қорғаудағы адамдарға көмек беру, кадр мәселелерінің шешілуі, білім берудің жоғарғы сапалығы және тағы басқалары	Қазақстан тұрғындарының тұрмысының жақсаруы, білім берудің Европалық стандартқа сай келуі, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы

Әрине, экономикалық және әлеуметтік тиімділіктерді, дегенімен де олардың нақты қырларын айқындап, нәтижелерін қадағалап отыру қажет. Сонда ғана инвестициялық процесс әлеуметтік-экономикалық саланың құрамдас бөлігі ретінде өз міндеттерін атқарып отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әлжанова Н.Ш. Инвестициялық жобалау: оқу құралы / Н.Ш. Әлжанова. – Алматы: Нұр-пресс, 2007. – 160 б.
- 2 Инвестициялар туралы Қазақстан Республикасының 2003 ж. 8 қаңтардағы № 373-ІІ Заңы (2015.01.12. берілген [өзгерістер мен толықтырулармен](#))
- 3 Қазақстан Республикасының “Инвестиция туралы” заңы. 2003 жыл және 2005, 2006 жылдардағы енгізілген өзгертулермен
- 4 Аналитическая информация о состоянии рынка ценных бумаг Республики Казахстан // Рынок ценных бумаг Казахстана. – 2006. – № 1.
- 5 Инвестиционный рейтинг Казахстана // Официальный сайт ЗАО «Казинвест», 2006 г.
- 6 Крушевиц Л. Инвестиционные расчеты / Л. Крушевиц. – СПб.: Питер. – 2004. – 414 с.
- 7 Ковалев В.В. Финансовый анализ Алматы / В.В. Ковалев // Финансы и статистика. – 2004.
- 8 Қантарбаев А. Қаржы-қаражат // Инвестицияларды талдау. – 2004-2006 жылдар
- 9 Нурланова Н.К. Инвестиционная ситуация в Казахстане и перспективы ее позитивных сдвигов / Н.К. Нурланова // Евразийское сообщество. – 1999. – № 3. – С. 106-111.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассмотрены основные типы инвестиционных проектов и их влияние на экономику государства, На основе этого предложена эффективная реализация инвестиционных проектов, обеспечивающая развитие экономики Казахстана.

Ключевые слова: инвестиции, инвестиционный проект, инвестиционная политика.

RESUME

This article describes the main types of investment projects and their impact on the economy of the state, on the basis of the proposed effective implementation of investment projects to ensure the development the economy of Kazakhstan.

Keywords: investments, investment project, investment policy.

УДК 005.52

Б. М. Хусаинов, кандидат сельскохозяйственных наук, доцент

Г. К. Молдашев, доктор сельскохозяйственных наук, доцент

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск, РК

РЕЗУЛЬТАТИВНАЯ ИНТЕГРАЦИЯ ФУНКЦИЙ МАРКЕТИНГА И ПРОДАЖ НА ПРЕДПРИЯТИИ

Аннотация

В статье изучена необходимость результативного взаимодействия функций маркетинга и продаж на предприятии. Приведены примеры успешного мирового и отечественного практического опыта по реализации данного интеграционного процесса.

Ключевые слова: маркетинг предприятия, успешные продажи, интеграция функций, задачи службы маркетинга и сбыта продукции.